

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

**Заң факультеті**

**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,  
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы**

**102759 Құқық шығармашылық және заң техникасы  
пәні бойынша**

**ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**6B04205 «Құқықтану»,  
білім беру бағдарламасы**


**Алматы, 2025**

Пәннің қорытынды бақылау бағдарламасын з.ғ.к., аға оқытушы Жарболова А.Ж.  
6B04205 «Құқықтану» білім беру бағдарламасының оқу жоспары негізінде құрастырды.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы  
кафедрасының мәжілісінде каралып ұсынылды.

«17» 06. 2025 ж. № 28 Хаттама


Кафедра меңгерушісі



Усеинова К.Р.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша Академиялық комитеттің  
төрайымы

«25» 06. 2025 ж. № 11 Хаттама



Урисбаева А.А.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

«26» 06. 2025 ж. № 10 Хаттама

Ғалым хатшы



Атаханова Г.М.

## Кіріспе

6B04205 «Құқықтану» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляцияға беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25-49 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Жазбаша offline емтихан білім алушыларға пәнді оқу барысында меңгерген оқу нәтижелерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, өз ойларын жазбаша нысанда логикалық түрде жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелдей білу қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді. Билеттегі сұрақтар саны – 3. Билеттің әрбір сұрағы үшін бағалау критериялды бағалау рубрикаторы бойынша жүзеге асырылады.

### Қорытынды бақылаудың тақырыптық бағдарламасы

#### 1. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» құқықтық институт және ғылым ретінде

«Құқық шығармашылық және заң техникасы» институтының түсінігі, конституциялық құқықпен байланысы және ерекшелігі. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» институтының пәні, тәсілдері және нормалары. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» институтының құқықтық қатынастары, олардың субъектілері, ерекшеліктері, түрлері, пайда болу, өзгеру және жойылу негіздері. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» институтының қайнар көздері. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» ғылымының түсінігі, оның зерттеу пәні

#### 2. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» оқу курсының пәні және мазмұны.

Құқық шығармашылық және заң техникасы оқу курсының түсінігі, оның пәні. Құқық шығармашылық және заң техникасы оқу курсының мазмұны. «Құқық шығармашылық және заң техникасы» оқу курсының заң ғылымдары мен заңи білімдер жүйесінде маңызды. Құқық шығармашылық және заң техникасы оқу курсының міндеттері

#### 3. Құқық шығармашылығы: түсінігі және қағидалары

Құқық шығармашылығының түсінігі, оның мәні. Құқық шығармашылығы қызметінің субъектілері. Құқық шығармашылығының қағидалары. Құқық шығармашылығының демократиялығы қағидасының, жариялылық, кәсіпқойлық, заңдылық, ғылыми негізділік, құқық қолдану практикасымен байланыстығы қағидаларының мәні.

#### 4. Заң шығару процесінің түсінігі және кезеңдері

Заң шығару процесінің тікелей және кең мағынада түсінігі. Заң шығару процесінің кезеңдері: жобаға дейінгі кезеңі, жобалы кезеңі және заң шығармашылығы шешімін қалыптастыру кезеңі. Заң шығару процесінің сатылары, олардың жалпы сипаттамасы.

Республикалық референдум арқылы заң шығармашылығының өзгешелігі және тиісті заң шығармашылығының сатылары.

#### **5. Заң шығару бастамашылығы құқығы: түсінігі, субъектілері және жүзеге асырылу тәртібі**

Заң шығару бастамашылығы құқығының түсінігі. Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері, заң шығару бастамашылығын жүзеге асыру тәртібі. Заң жобаларын жасау және оны Парламентке енгізу. Заң жобаларына қойылатын талаптар

#### **6. Заң жобаларын Парламентте қарау және қабылдау**

Заң жобаларын Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырыста қарау және қабылдау тәртібі. Заң жобаларын Парламент палаталарының бөлек отырысында қарау және қабылдау: заң жобасының Мәжілісте қаралып, Мәжілістің заң қабылдауы. Мәжіліс қабылдаған заңды Сенаттың мақұлдауы. Заң жобасы бойынша палаталар арасында жүргізілетін келісу рәсімдері. Заңды қол қоюға ұсыну.

#### **7. Заңға Президенттің қол қоюы және жариялау тәртібі**

Заңға Президенттің қол қою тәртібі. Республика Президентінің Парламент қабылдаған заңдарға қарсылық білдіруі. Парламенттің ҚР Президентінің қарсылығын туғызған заң мен оның баптарын қарау, талқылау процесі. Парламенттің қарсылықты еңсеру тәртібі. Президенттің Парламент қабылдаған заңдарға қарсылық білдіру себептері және практикасы

#### **8. Заң шығару жолдары**

Заң шығармашылығын жүзеге асырудың мүмкін жолдары. Арнайы уәкілдендірілген органның заң шығаруы. Өкілеттігін беру негізінде заң шығару: қажеттілігі, өзгешелігі, реттелуі. Өкілеттік беру негізінде заңдар шығару практикасының орын алуы. Халықтың заң шығармашылығы: ерекшелігі, құқықтық реттелуі және жүзеге асырылу практикасы.

#### **9. Заң шығармашылығына әсер ететін факторлар**

Заң шығармашылығына әсер ететін факторлардың түсінігі, олардың заң шығармашылығына ықпалы. Заң шығармашылығына әсер ететін факторлардың түрлері. Заң шығармашылығының объективтік факторлары: түсінігі, мәні, түрлері. Заң шығармашылығына әсер ететін субъективтік факторлар: түсінігі, мәні, түрлері.

#### **10. Заң шығармашылығының тиімділігі**

Заң шығармашылығының тиімділігінің маңызы. Заң шығармашылығының тиімділігінің өлшемдері. Заң шығармашылығының тиімділігінің негізгі алғышарттары. Заң шығармашылығының тиімділігін көтеру туралы көзқарастар

#### **11. Заңның қисыны, стилі және тілі: жалпы сипаттама**

Заңның қисыны, оның маңызы. Заңның қисынына қойылатын талаптар. Заңның стилі, оның мәні, Заңның стиліне қойылатын талаптар. Заңның тілі, оның маңызы. Заңның тіліне қойылатын талаптар. Заң шығармашылығында қолданылатын арнайы терминология.

#### **12. Заңның тілі, оның құндылығы**

Заң шығару тілі – заң шығармашылығының тиімділігінің бір шарты ретінде. Заңның тілінің құндылығын анықтайтын өлшемдер. Заң актісінің тіліне қойылатын талаптар, олардың мазмұны. Қазақстанда заң шығару тіліндегі проблемалық жағдайлар.

#### **13. Заң шығармашылығының техникалық ережелері**

Заң шығару техникасының түсінігі. Нормативтік құқықтық актілердің құрылымы. Құқықтық актілердің баптарында құқық нормаларының ережелерін мазмұндау амалдары мен әдістері. Құқықтық актілерде сілтемелерді рәсімдеу тәртібі. Құқықтық актілерге өзгертулер енгізу тәртібі және НҚА-ді жою тәртібі

#### **14. Лоббизмнің заң шығармашылығындағы рөлі**

Лоббизмнің түсінігі және мәні. Лоббисттік қызметтің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы мәселесінің құқықтық реттелуі мәселесі. Лоббированиені жүзеге асырудың әдістері. Лоббисттік қызметті реттеудің оң нәтижелері.

#### **15. Заң шығармашылығы құқық шығармашылығының негізгі түрі ретінде.**

Құқық шығармашылығының бір түрі ретінде заң шығармашылығының түсінігі, мәні. Құқық шығармашылығының бір түрі ретінде заң шығармашылығының мемлекет дамуындағы маңызы. Заң шығармашылығының құқық шығармашылығының өзге түрлерімен байланысы. Қазақстанда заң шығармашылығының пәні.

#### **16. Халықтық заң шығармашылық**

Заң шығармашылығының бір түрі ретінде халықтық заң шығармашылықтың түсінігі, ерекшелігі. Қазақстанда халықтың заң шығармашылығының құқықтық реттелуі. Республикалық референдумда халықтың заңдар шығару тәртібі, халықтық заң шығару процесінің сатылары. Республикалық референдумда халықтың заңдар шығару практикасы

#### **17. ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және конституциялық заң шығару процесі**

ҚР Парламентінде және республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесі, оның сатылары. Қазақстан Республикасында конституциялық заңдарды қабылдау тәртібі, ерекшелігі. Конституциялық заң шығару процесі, оның сатылары.

### **Қорытынды бақылауды тапсыру бойынша нұсқаулықтар**

Пән бойынша қорытынды бақылау – жазбаша түрде офлайн форматта өткізіледі.

Жазбаша емтиханды тапсыру процесі оқытушының «Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының негізінде автоматты түрде жасақталу арқылы жүреді. Офис-тіркеуші әзірлеген келу парақтары мен пән бойынша жасақталған билеттер деканат қызметкерлерімен off-line режимде емтихан өткізу үшін басып шығарылады.

Off-line режимде өтетін емтиханды пәнді оқыту процесіне араласпаған кезекші оқытушы бақылайды. Емтихан қабылдайтын аудиторияда дыбыс жазу құрылғылары бар бейнебақылау камералары орнатылады.

Жасақталған 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жауап беру үшін әрбір білім алушыға 120 минут уақыт беріледі.

Студенттер емтиханға кешікпей келуі керек. Off-line режимде өтетін емтихан басталуға 15 минут қалғанда кезекші оқытушы білім алушыларды отырғызады. Отыратын орындары көрсетілген келу парақтары толтырылады.

Кезекші оқытушы Off-line режимде өтетін емтиханға келген білім алушыны жеке куәлігі бойынша тексереді.

Off-line режимде өтетін емтиханға білім алушының орнына бөтен адам келген ретте осы бұзушылық турасында хаттама толтырылады.

Емтиханға өзімен бірге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағаттар және т.б. техникалық құрылғылар мен өзге де рұқсат етілмеген ақпарат алу құралдарын алып кіруге немесе пайдалануға, өзге білім алушылармен не бөгде адаммен сөйлесуге, біреудің ТАӘ немесе басқа да жеке басын куәландыратын жауап парақтарын көшіруге тиым салынады.

Аталған жағдайлар орын алғанда хаттама толтырыла отырып, тәртіпті бұзушыға осы пән бойынша «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Акті шағымдануға және апелляциялық тәртіпте қарауға жатпайды.

Емтихан қорытындысы бойынша жауаптарды тексеру және алған балын «Univer» ақпараттық жүйесіндегі аттестациялық ведомостыке енгізу уақыты – 48 сағатқа дейінгі уақытты қамтиды.

### Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау. аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы. СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:  $\frac{AB_1+AB_2}{2} \cdot 0,6 + ҚБ \cdot 0,4$ . Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

### Қорытынды бақылауды критериалды бағалау рубрикаторы

Пән: Құқық шығармашылық және заң техникасы

Формасы: жазбаша (офлайн)

Платформасы: Univer АЖ

№	Балл	1 сұрақ. Максималды балл-33				
		ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
Критерийлер	27-33 балл	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл	0-6 балл	
1	Тіпті пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын білу және негізгі	«Өте жақсы» деген баға сұрақ жан-жақты ашылған, әрбір қорытынды мен мәлімдеменің егжей-тегжейлі	«Жақсы» деген баға мәселенің толық, бірақ жан-жақты қамтылмаған, негізгі	«Қанағаттанарлық» баға билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды	«Қанағаттанарлықсыз» баға қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымаған,	Негізгі ұғымдарды, теорияларды, концепцияларды білмеу; қорытынды

<p><b>мәселелерін түсінуі</b></p>	<p>дәлелі бар, логикалық және дәйекті түрде құрастырылған, аудиториялық сабақ тақырыптарындағы мысалдармен дәлелденген. пәннің проблемалық құбылыстарының себептері көрсетілген және оларды шешудің толық сипаттама-сы бар жауап үшін қойылады.</p>	<p>ойлардың қысқартылған аргументтерін камтитын және материалды баяндау логикасы мен реттілігіне жол берілген жауапқа қойылады. Жауапта стилистикалық кателер мен терминдердің дұрыс емес қолданылуы бар, оларда көптеген мәселелердің көрінісі бар, бірақ материалды баяндау реттілігін бұзуға жол беріледі.</p>	<p>үстірт дәлелдейтін. баяндаудағы композициялық теңгерімсіздік-терге, материалды баяндауда логика мен жүйеліліктің бұзылуына жол берілген. проблемалық құбылыстардың себептерін үстірт сипаттайтын. аудиториялық сабақ жазбалары мысалдарымен теориялық принциптерді көрсетпейтін. мысалдары жоқ және проблемалық жағдайларды шешу жолдарын ұсынуда логика бұзылған жауаптар үшін қойылады.</p>	<p>қате дәлелдеуге, деректі және жазбаша кателерге жол берген. дұрыс емес қорытындыны болжаған жауаптар үшін қойылады. Қойылған мәселелерді дұрыс көрсетпеу, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік кателер, дұрыс емес қорытындыны қабылдау т.б. жол беріледі.</p>	<p>бақылауды жүргізу ережелерін бұзу.</p>
-----------------------------------	---	---	--	--	---

**2 сұрақ. Максималды балл-33**

**ДЕСКРИПТОРЛАР**

№	Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
Критерийлер		27-33 балл	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл	0-6 балл
2	«Құқық шығармашылық және заң техникасы» бойынша практиканы қолдану және теориялық білімді пайдалану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу. Барлық алынған теориялық білімді пайдалана отырып, егжей-тегжейлі, дәлелді жауап	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін жартылай шешумен қойылған сұраққа толық емес, кейде дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану; Оқу тапсырмасының жартылай орындалуы.	Материалды үзінділермен беру, логикалық жүйелілікті бұзу, фактологиялық және мағыналық дәлсіздіктерге жол беру, курс бойынша теориялық білімді үстірт пайдаланылу. Тапсырманың толық емес, үзік-үзік орындалуы, фактілік және мағыналық дәлсіздіктердің орын алуы, курс бойынша теориялық	Тапсырманы шешудің қисынсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; мәселелерді шешу, жалпы тапсырмаларды орындау қабілетсіздігі; нормадан тыс кателер мен олқылықтар жасау. Тапсырманың өрескел кателермен орындалуы, сұрақтарға жауаптардың	Тапсырманың орындалмауы, қойылған сұрақтарға жауаптардың болмауы, материалдар мен талдау құралдарының пайдаланылмауы. Қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу

			орындалған тапсырманың жеткіліксіз анық дәлелі	білімнің үстірт қолданылуы	толық емес болуы, концептуалды материалдар мен дәлелдердің нашар пайдаланылуы	
<b>3 сұрақ. Максималды балл-34</b>						
<b>Балл</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>ДЕСКРИПТОРЛАР</b>				
		<b>«Өте жақсы»</b>	<b>«Жақсы»</b>	<b>«Қанағаттанарлық»</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз»</b>	
		<b>28-34 балл</b>	<b>21-27 балл</b>	<b>15-20 балл</b>	<b>8-14 балл</b>	<b>0-7 балл</b>
<b>3</b>	<b>Мәселені шешу. Практикалық ұсыныстар</b>	Ғылыми ұстанымдар мен қолданбалы әдістеме мен технологияны дәйекті, логикалық және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау. Тапсырманың нақты шешімі, заңнаманы жетілдіру бойынша логикалық негізделген әдістер мен ұсыныстар жасау	Жауаптың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейтін тұжырымдамалық материалды пайдаланудағы 1-2 дәлсіздіктерге, жалпылаулар мен қорытындылар дағы болмашы қателерге жол беріледі	Дәлелденген ғылыми қағидалардың қолдану мүмкіндігі туралы тұжырымдар бұлыңғыр және нанымсыз, сонымен қатар практикалық нәтижелерді өңдеуде қателіктер бар	Тапсырма өрескел қателермен орындалған. Сұрақтарға жауаптар толық емес, концептуалды материал мен дәлелдер нашар пайдаланылған	Тапсырма орындалмаған. қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмаған Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу

**Қорытынды бағаны есептеу формуласы:** Қорытынды баға (КБ) = 1 сұрақ бойынша балл + 2 сұрақ бойынша балл + 3 сұрақ бойынша балл = Емтихан баллы.

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 2023
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 1993.
3. З.Ж.Кенжалиев, В.А.Ким. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. Алматы: Жеті жарғы, 2008 – 198 б.
4. Сапарғалиев Г.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2009. – 308 с.
5. Заң шығару қызметі: оқу құралы / А.Ж.Жарболова, А.К.Исабеков, Д.О.Кусаинов, Г.Д.Тайгамитов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 170 б.
6. Д.В.Чухвичев. Законодательная техника. Второе издание. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2012. - 415 с.
7. Д.А.Керимов. Культура и техника законотворчества. М., Юр. лит., 1991 - 158 с.
8. Парламентское право России. Под ред. И.М.Степанова и Т.Я.Хабриевой. М., юристь, 1999 - 392 с.
9. С.Табанов. Қазіргі жағдайда заңның іске асуын қамтамасыз етудің заңдық амалдары (құралдары). // Научные труды "Әділет". № 1, 1997

10. Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі. Монография. Алматы, 2017. – 194 б.
11. В.А.Чагин Субъективның фактор. Структура и закономерности. - М., Мысль, 1968. – 218 с.
12. А. Котов, З. Федотова. Халықтың құқықшығармашылығының жемісі // Егемен Қазақстан 30.08.1997

#### Интернет-ресурстар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (08.06.2022 өзгерістер мен толықтыруларымен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K#z9>
2. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР конституциялық заңы 5 қараша 2022 жылғы № 156-VII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000156>
3. Республикалық референдум туралы 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592>
4. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы 2022 жылғы 5 қарашадағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153>
5. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы 1995 жылғы 16 қазандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529>
6. Қазақстан Республикасының Президенті туралы 1995 ж. 26 желтоқсандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002733>
7. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы 1995 жылғы 18 желтоқсандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688>
8. Депутаттық мандатты қайтарып алудың жаңа институты енгізілмек // [https://el.kz/deputattyq-mandatty-qaytaryp-aludyn-zhana-instituty-engizilmek\\_55006/](https://el.kz/deputattyq-mandatty-qaytaryp-aludyn-zhana-instituty-engizilmek_55006/)